

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің  
«Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары  
мен рәсімдеріне өзгертулер**

**Санаты:** Қағидалар

**Бекітілген күні:** 19.06.2024

**Күшіне енген күні:** 19.06.2024

**Қолжетімділік деңгейі:** Ашық  
қолжетімділік

**Сыныптауыш бойынша нөмірі:** 2.1 ADMS

**Бекітуші орган:** Провост

**Тіркеу нөмірі:** 80-н/қ

**Иесі:** Медицина мектебі

**Қолданылуы:** НУ және НУ талапкерлері

**Қайта қарау № 1**

**Қайта қарау түрі:** Елеулі қайта қарау

**Негізгі ІНҚ бекітілген күні:** 17.06.2022

**Негізгі ІНҚ күшіне енген күні:** 17.06.2022

**Бекітуші орган:** Провост

**Тіркеу нөмірі:** 79-н/қ



Провосттың 2022 жылғы 17 маусымдағы № 79-н/қ шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің Медицина докторы бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Қағидалар мен рәсімдердің 2.1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) **IELTS** (Ағылшын тілі саласындағы білімді бағалаудың халықаралық жүйесі) – ағылшын тілін меңгеру деңгейін тексеруге арналған стандартталған тест. Оқуға қабылдау және іріктеу процесінде қабылданатын IELTS-тің жалғыз нұсқасы – ағылшын тілінде оқуды жоспарлап отырған үміткерлерге арналған Academic IELTS. IELTS-тің онлайн-тесті қабылдау және іріктеу процесінің шеңберінде қабылданбайды;».

2. Қағидалар мен рәсімдердің 2.1-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) **TOEFL** (Ағылшын тілін шет тілі ретінде меңгеру тесті) – Білім берудегі тестілеу қызметі (ETS) әзірлеген стандартталған ағылшын тілін меңгеру тесті. Оқуға қабылдау және іріктеу процесінде қабылданған TOEFL-дің жалғыз нұсқасы – TOEFL iBT тесті. TOEFL iBT Home Edition қабылдау және іріктеу процесінің бөлігі ретінде қабылданбайды;».

3. Қағидалар мен рәсімдердің 2.1-тармағы мынадай редакциядағы жаңа 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) **Кепілдік жарна** – оқуға қабылдау туралы ұсынысты қабылдау процесінің бір бөлігі болып табылатын және егер Университеттің Басқарушы кеңесі Бағдарламаны кепілдік жарна төлеуден босатпаса, Бағдарламада (заңды тұлғалар демеушілік ететін ақылы негіздегі бағдарламаларды қоспағанда) Үміткердің орнын қамтамасыз ететін міндетті төлем.».

4. Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тиісті пән бойынша бакалавр дәрежесі (бакалавр дәрежесі немесе баламасы) және егер қолдануға келсе, тиісті пән бойынша магистр немесе ғылым докторы дәрежесі. Өтінім беру кезеңінде соңғы курс студенттері қарауға ресми ағымдағы транскрипттерді ұсына алады. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін түпкілікті транскрипт пен диплом ұсынуға тиіс;».

5. Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) MCAT минималды жалпы балы 489 балды (472-528 балл шкаласы бойынша) құрауға тиіс;».

6. Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағы жойылуға жатады.

7. Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Бағдарламаға қабылданатын үміткерлер:



бұрынғы академиялық дәрежелерінің бірі ресми қарым-қатынас, академиялық оқыту және күнделікті өмірде ағылшын тілінде сөйлейтін елде алынған болса;

бакалавр және/немесе магистр/ғылым докторы дәрежесі ресми түрде ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама арқылы алынған болса;

үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса (Университеттің академиялық (бакалавриат, магистратура, докторантура) бағдарламасын бітірген болса, Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша тілді меңгеру деңгейін тексеруге арналған тестілеу туралы есепті ұсынудан босатылуы мүмкін.»).

8. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тестілеу әкімшісі жүйесіндегі жарамды IELTS немесе TOEFL сертификат тестілерінің нәтижелерін тексеру және олардың сканерленген көшірмесін жіберу. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты тексеру жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Студенттерді оқуға қабылдау департаменті арқылы танылған сервистерді пайдалана отырып, тестілеу сертификаттарын тексеруге болады».

9. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.4. 075у медициналық анықтамасын және үміткер тек қазақ немесе орыс тілдерінде ұсына алатын соттылығының бар немесе жоқтығын растайтын құжатты қоспағанда, барлық ұсынылған құжаттар ағылшын тілінде немесе ағылшын тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен болуы керек.».

10. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.5. Жеке кабинетте жалған және/немесе толық емес ақпарат беру іріктеу процесінен шеттетілуге немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады. Құжаттарды қолдан жасаған немесе тестілеу/әңгімелесу рәсіміне қойылатын талаптарды бұзған үміткерлер іріктеу процесінен шеттетіледі немесе оқуға түскен жағдайда Университеттен шығарылады және болашақта қаржыландырудың кез келген түрін алу үшін кез келген деңгейдегі Университет бағдарламаларына қатысуға өтініш беруге рұқсат етілмейді».

11. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.8. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер оқуға түсер алдында өздерінің қорытынды транскрипттерін мынадай нұсқалардың бірі бойынша тексеруі керек:

1) алдыңғы оқу орны Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне пошта арқылы тікелей жіберген ресми баспа көшірмесі;

2) алдыңғы оқу орнының корпоративтік электрондық пошта мекенжайынан Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің электрондық пошта мекенжайына тікелей жіберілген ресми электрондық көшірмесі;



3) Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің электрондық поштасына жіберілген цифрлық сәйкестендірудің ресми қызметтерімен тексерілген қорытынды транскрипт;

5) Университет түлектерінің дипломдары мен транскрипттері Университет жүйесінде тексерілуі керек;

Жоғарыда аталған шарттарды орындау мүмкін болмаған жағдайда мынадай нұсқалар қарастырылуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының құқықтық органдары берген дипломды нострификациялау туралы куәліктің сканер-көшірмесін ұсыну;

2) шетелдік оқу орнының апостилі бар құжаттың сканер-көшірмесін ұсыну;

3) нотариалды куәландырылған диплом мен транскрипттің сканер-көшірмесін ұсыну;

4) үміткердің Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне ресми қорытынды жазбаның түпнұсқасын қағаз тасығышта ұсынуы. Баспа көшірмесінің түпнұсқасы Студенттерді оқуға қабылдау департаменті тексергеннен кейін үміткерге қайтарылады.».

12. Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.4.6. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамалары тиісті түрде тігілуі, нөмірленуі, сканерленуі, тіркелуі және Университеттің Біріктірілген архивіне берілгенге дейін Қабылдау комиссиясының хатшысында сақталуға тиіс. Қол қойылған хаттамалардың сканерленген көшірмелерін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің хатшысы қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес академиялық жыл басталғанға дейін ұсынуы керек.».

13. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.3-тармағындағы «3.1.4. және 3.1.5-тармақтар» деген сөздер мен цифрлар «3.1.4-тармақ.» деген сөздер мен цифрларға ауыстырылуы керек.

14. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.8. Оқуға қабылдау туралы хабарлама алған үміткерлер қабылдау туралы ұсыныста көрсетілген күндерге сәйкес оқуға қабылдау туралы ұсынысты қабылдау немесе қабылдамау туралы Университетті ресми түрде хабардар етуі керек.

Үміткерлердің оқуға қабылдау туралы ұсынысты қабылдауы мынадай әрекеттерді орындау жолымен жүзеге асырылады:

1) Жеке кабинет арқылы тіркеуді растау нысанын толтыру;

2) Жеке кабинет арқылы Кепілдік жарнаны төлеуге келісім нысанын толтыру;

3) Кепілдік жарнаны Жеке кабинет арқылы төлеу.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындамаған жағдайда, үміткерлер оқуға қабылдау туралы ұсыныстан бас тартқан үміткерлер болып саналады және оқуға қабылдау туралы ұсыныс күту тізімінде ең жоғары рейтингі бар келесі үміткерге жіберіледі.



Кепілдік жарнаның мөлшері Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленеді. Кепілдік жарна мынадай жиынтық шарттар орындалған жағдайда:

1) Университетте білім беру қызметтерін ұсыну туралы келісімге екі жақты қол қойылғанда;

2) студенттің Бағдарлау апталығына қатысқанында;

3) Университеттің тиісті оқу бағдарламасының академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес академиялық үлгерімі жақсы студент Бағдарламаның бірінші семестрін аяқтағаннан кейін қайтарылуға жатады.

Кепілдік жарна үміткер/студент қайтыс болған жағдайда жоғарыда көрсетілген қайтару шарттарын орындамай қайтарылуы мүмкін.».

15. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.11. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған үміткер үшін қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.».

16. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.15. Қабылдау комиссиясы Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен бірлесе отырып, осы Қағидалармен және рәсімдермен реттелмеген мәселелерді дербес шешеді және осы мәселелерді шешу Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетілуге тиіс.».

17. Қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне қосымшаның 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ресми жоғары білім туралы транскриптері бар дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмелері. Қорытынды транскриптер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің Медицина докторы бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдерінің 3.2.8-тармағына сәйкес тексерілуге тиіс.».

